

**"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына қатысты Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 1561 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына қатысты Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына
байланысты Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 13 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 1, 1-бап, Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 275-бап, 1998 ж., N 24, 436-бап) заңына :

1) м ә т і н д е :

"Шекара әскерлері", "Шекара әскерлерімен", "Шекара әскерлерін", "Шекара әскерлеріне" деген сөздер "Шекара қызметі", "Шекара қызметімен", "Шекара қызметін",
, "Шекара қызметіне" деген сөздермен алмастырылсын;

"Қазақстан Республикасы Шекара әскерлері", "Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерімен", "Қазақстан Республикасы Шекара әскерлері" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі", "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен", "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне" деген сөздермен
а л м а с т ы р ы л с ы н ;

2) 1-баптың бірінші абзацындағы "бет қабат" деген сөздер "жазықтық" деген сөзбен
а л м а с т ы р ы л с ы н ;

3) 3-баптың бірінші бөлігінде:

"негізделенеді. Мемлекеттік" деген сөздер "негізделенеді, Мемлекеттік" деген сөздермен алмастырылсын;

"тәртібі мен" деген сөздерден кейін "Мемлекеттік шекара арқылы" деген сөздермен толықтырылсын;

"заң және нормативтік" деген сөздер "нормативтік құқықтық" деген сөздермен алмастырылсын;

4) 4 - бапта:
бірінші бөлікте:

бірінші абзацта "жедел" деген сөзден кейін "ақпаратты, ғылыми" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзацқа өзгеріс кіргізілмейді;

екінші бөліктегі "әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлеріне" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің Әуе қорғаныс күштеріне" деген сөздермен айырбасталсын;

үшінші бөліктегі "министрліктер мен ведомствалар" деген сөздер "мемлекеттік органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 5 - бапта:
үшінші бөлік мынадай мазмұнда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының аумақтық суына (теңізіне) құрғақтан, сондай-ақ Қазақстан Республикасына қарайтын аралдардан көп қайтатын сулардың жоғарғы деңгейінен есептегендегі ені 12 теңіз милді немесе бастапқы тиісті нүктелерін қосатын түзу сызықпен халықаралық негізге құқыққа сәйкес анықталған жағалық теңіз сулары жатады. Бұл нүктелердің жағрафиялық тізбесін олардың негізгі бастапқы геодезиялық мәліметтерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Шектес мемлекеттермен аумақтық теңіз шекаралары олармен келісім бойынша анықталады.

Каспий теңізінің аумақтық суларының сыртқы шегінен оның орта сызығына дейінгі теңіз түбінің асты Қазақстан Республикасының құрлықтық шельфіне жатады.

Құрлықтық шельфтің шекаралары оларға сәйкес қарсы жатқан және шектес мемлекеттермен халықаралық шарттар бойынша анықталады";

үшінші бөлік келесі мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген Қазақстан Республикасына тарихи қараған шығанақтардың, құйылыстардың, жайылмалардың сулары";

бесінші бөлік алынып тасталсын;

6) 8-бапқа өзгеріс енгізілмейді;

7) 10-бап келесі мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстандық және шетелдік әуе (теңіз) кемелерін алдын ала болжанбаған орындарға шарасыздықтан қондыру (кіргізу) кезінде шекаралық бақылауды Қазақстан

Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдары мен кедендік бақылауды - кеден органдары әуежайлар (аэродромдар), теңіз және өзен порттарының әкімшілігімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Шекара қызметі шекаралық бақылаудың жақын бөлімдері (бөлімшелері) мен заң актілеріне сәйкес басқада уәкілетті мемлекеттік органдарға хабарлай отырып жүргізеді.";

8) 11 және 12-баптар мынадай мазмұнда жазылсын:

"11-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өткендегі бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткен кезде адамдар, көлік құралдары, олар әкелетін жүктер мен өзгеде мүліктер шекара, кеден және Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген басқада бақылау түрлерінен өтуі тиіс.

12-бап. Адамдарды, көлік құралдарын, жүктерді және басқада мүліктерді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткізу

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы адамдарды, көлік құралдарын, жүк және басқада мүліктерді өткізу Қазақстан Республикасы Үкіметі және халықаралық келісімдермен белгіленген мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтуші адамдардың өткізу жұмыстарын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтуге құқығы бар құжаттар бойынша Шекара қызметінің шекара бақылау бөлімдері мен бөлімшелері жүзеге асырады.

Көлік құралдарын, жүктерді және өзгеде мүліктерді мемлекеттік шекара арқылы өткізу жұмыстарын кеден органдары Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқада өкілетті мемлекеттік органдары бірлесе отырып жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес адамдарды, көлік құралдарын, жүктерді, өзгеде мүліктерді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізудің басқа тәртібі белгіленуі мүмкін.";

9) 16-баптың бірінші бөлігі "реттеу" деген сөзден кейін "және шекара жағдайы туралы өзара ақпарат алмасу" деген сөздермен толықтырылсын;

10) IV тараудың тақырыбы былай аталсын: "Шекара аймағы мен шекара өңірінің тәртіптері";

11) 18 - бапта:

тақырыбы былай аталсын:

"Шекара аймағы мен шекара өңірінің және аумақтық сулар (теңіз) мен құрлықтық шельфтің тәртіптері";

бірінші бөлік "өңірде" және "суларында" деген сөздерден кейін "аумақтық сулар (теңіз) мен құрлықтық шельфте" және "аумақтық сулар (теңіз) мен құрлықтық шельфтің тәртіптерін" деген тиісті сөздермен алмастырылсын;

келесі мазмұндағы бөліктермен қосылсын:

"Қазақстан Республикасының аумақтық сулар (теңіз) мен құрлықтық шельфтегі, Қазақстанға қарайтын шекаралық өзендердегі, көлдердегі және басқа да су қоймаларындағы қызметтерді Қазақстан Республикасының қазіргі заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы баптың үшінші бөлігіндегі көрсетілген аумақтық сулар (теңіз) мен құрлықтық шельфтегі жұмыстар Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне хабарлауымен, ал Қазақстан Республикасы ішкі суларында, Қазақстанға қарайтын шекара өзендерінде, көлдерінде және басқада су қоймаларында олардың рұқсатымен жүргізіледі."

12) 19 - бапта :

келесі мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Шекара аймағына кіруге басқа тәртіп қойылмаса, бұл аймақтың тұрғындарынан басқаларға ішкі істер органдарының рұқсатынсыз кіруіне тыйым салынады."

екінші бөліктегі "және Достастықтың басқа да тәуелсіз мемлекеттерінің" деген сөздер алынып тасталсын;

13) 20 баптың бірінші бөлігіне өзгеріс енгізілмейді;

14) 22 баптың үшінші бөлігіне өзгеріс енгізілмейді;

15) VI тараудың тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын реттеу саласындағы Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің және Үкіметінің, жергілікті өкілді және атқарушы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де органдарының өкілеттігі";

16) 23 - бапта :

тақырыбы былай аталсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын реттеу саласындағы Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламентінің және Үкіметінің, жергілікті өкілді және атқарушы органдарының өкілеттігі";

үшінші бөліктің үшінші абзацындағы "мемлекеттік комитеттермен" басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдар деген сөздер "мемлекеттік органдармен" деген сөздермен алмастырылсын;

төртінші бөліктің бесінші абзацындағы "әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлеріне" деген сөздер "Әуе қорғаныс күштеріне" деген сөздермен айырбасталсын;

17) 24-бап мынадай мазмұнда жазылсын:

"24-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын реттеу саласындағы өкілеттігі:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті:

Қазақстан Республикасы мемлекеттік шекарасында мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы жүйесінде жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мүддесін қорғауды қамтамасыз етеді;

халықаралық хабар арналарында саяси, әлеуметтік-экономикалық және қылмыстық жағдайға, сондай-ақ шектес мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында оның қауіпсіздігіне қатысы болуы мүмкін дағдарыстарды, жағдайларды талдап, болжам жасауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бұзу туралы қылмыстық істер бойынша алдын-ала тергеу жүргізеді. Мемлекеттік шекарада, соның ішінде әкімшілік тәртіппен ұсталған адамдардың құқық бұзу мән-жайларын анықтап, тексеруге қ а т ы с а д ы ;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету мен қорғауды тікелей ұйымдастыратын Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне жалпы б а с ш ы л ы қ т ы жү з е г е а с ы р а д ы .

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі: шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өту құқығына құжаттарды ресімдейді;

ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің басшылығына Қазақстан Республикасына қатысты шектес мемлекеттердің және Қазақстанға шектес мемлекеттерге қатысты үшінші елдің шекара және виза саясатын, басқа мемлекеттерде мемлекеттік шекара арқылы өту тәртібінің өзгерістері, шектес мемлекеттермен мемлекеттік шекараны белгілеу мен жүргізуді өткізу, сондай-ақ олардың сұрауы бойынша басқада мәселелер туралы хабарлап отырады;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің өкілдері реттемеген жанжалдарды дипломатиялық р е т п е н ш е ш е д і .

3. Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі: шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекаралық аймаққа келуіне құқық беретін рұқсат қағаздарын ресімдейді;

шекара аймағының тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының шекаралық аудандардағы құқық тәртібінің жай-күйі, мекен жайынан күдікті жағдайда жоғалып кеткен адамдар, Мемлекеттік шекара мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне қатысты құқыққа қарсы ниеттері бар қылмыстық топтар мен адамдар туралы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қ ы з м е т і н е х а б а р л а п о т ы р а д ы ;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі шараларын жүргізуде, Мемлекеттік шекара мен оның тәртібін бұзған адамдарды іздеуде, Мемлекеттік шекарада азаматтар жасаған құқық бұзушылықтың мән-жайларын анықтау мен тексеруде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне к ө р с е т е д і ;

дүлей апаттар, шекарада шекара бұзушыларды іздестіруде шектес мемлекеттер азаматтарының Қазақстан Республикасы аумағына қарулы басып кіруіне немесе

жаппай өтуіне тойтарыс беру кезінде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің ұсынуы бойынша шекаралық аймақта орналасқан жекелеген жер учаскелері немесе объектілерге баруын уақытша шектейді немесе баруына тыйым салады;

ұсталған шет ел азаматтарын және азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттеріне әкеледі;

Қазақстан Республикасының шекара аудандарының халқына құқықтық тәрбие беруге ат салысады. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында және ол арқылы өткізу пункттерінде құқық бұзудың алдын алуды жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінің күзетін және қорғауын жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін тәртібі бойынша Мемлекеттік шекара күзеті мен қорғанысына қ а т ы с у ы н қ а м т а м а с ы з е т е д і .

5. Қазақстан Республикасының кеден органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара арқылы өтетін адамдарға, жүк және басқада мүліктер таситын көлік құралдарына бақылау жасайды.

6. Қазақстан Республикасының басқада мемлекеттік органдары өз құзыреттері шеңберінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне Мемлекеттік шекараны күзету мен қорғауды, оның және Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінің тәртіптерін аумақтық суларда (теңіздерде), құрлықтық шельфтерде қамтамасыз етуге көмек көрсетеді.";

1 8) 2 5 - б а п т а :

тақырып пен мәтіндегі "әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің" мен "әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері" деген сөздер "Әуе қорғаныс күштерінің" мен " Әуе қорғаныс күштері" деген сөздермен тиісті алмастырылсын;

үшінші абзац "күштері мен" деген сөздерден кейін "мемлекеттік емес ұйымдардың" деген сөздермен толықтырылсын;

19) 26-бап келесі редакцияда жазылсын:

"26-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету саласындағы заңды тұлғалардың міндеттері.

Заңды тұлғалар, олардың лауазым иелерінің міндеттері:

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара әскерлеріне, Қарулы күштердің Әуе қорғау күштеріне, кеден органдарына, заңмен уәкілдік берген басқа да органдарға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуге көмек көрсету олардың заңды өкімдерін орындау олардың қызметі үшін қажетті ақпарат беру;

20) 27-баптың бірінші бөлігі келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ оның аумағындағы шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар белгіленген Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік шекарасының, Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінің, аумақтық сулар (теңіз) мен құрлықтық шельф және шекаралық аймақ пен шекаралық өңір тәртіптерін сақтауға, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің және осы тәртіптің сақталуын бақылауды жүзеге асыратын органдардың талаптарын орындауға және оларға көмек көрсетуге міндетті.";

21) 28-баптың орыс тіліндегі "сфере" деген сөз "области регулирования вопросов" деген сөздермен алмастырылсын;

22) 29-баптың бірінші бөлігіндегі "әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа әскерлер мен әскери" деген сөздермен алмастырылсын;

2 3) 3 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің бірінші және үшінші абзацтарындағы "әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері" және "әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлеріне" деген сөздер "Әуе қорғаныс күштері" және "Әуе қорғаныс күштеріне" деген тиісті сөздермен айырбасталсын;

төртінші бөліктегі "басқа түрлерінің" деген сөздер алынып тасталсын;

2 4) 3 3 - б а п т а :

бірінші бөлікке өзгеріс енгізілмейді;

екінші және үшінші бөліктердегі "әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлеріне" деген сөздер "Әуе қорғаныс күштеріне" деген сөздермен алмастырылсын, екінші бөлік "басқа" деген сөзден кейін "әскерлер мен" деген сөзбен, үшінші бөлік "әскерлер мен" деген сөздерден кейін "әскери құрамалардың, сондай-ақ" деген сөздермен толықтырылсын, "заңмен" деген сөз "заңдармен" деген сөзбен алмастырылсын;

25) 34-баптағы "мекемелердің ерікті жарналары, Ұйымдар мен кәсіпорындар, тиесілік нысанына қарамастан, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жер қоры" деген сөздер алынып тасталсын;

2 6) 3 5 - б а п т а :

бірінші бөліктегі "Үкіметі" деген сөз "Қорғаныс министрлігі" деген сөздермен алмастырылсын;

бірінші бөліктегі "және шарттық негізде" деген сөздер мен екінші бөлік алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының 1993 жылдың 13 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері туралы" (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 1, 3-бап, 1995 ж., N 8, 56-бап, Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 275-бап) заңына :

1) Заңның тақырыбы келесі мазмұнда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі туралы"

2) мәтінде "Шекара әскерлері", "Шекара әскерлерінің", "Шекара әскерлеріне", "Шекара әскерлерімен", "Шекара әскерлерінде" деген сөздер "Шекара қызметі", "

Шекара қызметінің", "Шекара қызметіне", "Шекара қызметімен", "Шекара қызметінде" деген сөздермен алмастырылсын;

3) 1 және 2-баптар келесі мазмұнда жазылсын:

"1-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі
Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (әрі қарай - Шекара қызметі) мемлекеттік шекараны күзету мен қорғауды қамтамасыз ету, құрлықта, теңізде, көлдерде, өзендерде және өзгеде суаттарда Қазақстан Республикасының егемендігі мен аумақтық тұтастығына, қол сұғудан сақтандыру және оған тыйым салу мақсатына арналған.

Шекара қызметінің туы, сонымен бірге Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері пайдаланатын әскери-теңіз және танымал белгілері, ал бірлестіктерде, құрамаларда және жауынгерлік бөлімдерде белгіленген үлгідегі жауынгерлік тулар болады.

2-бап. Шекара қызметі іс-қимылының құқықтық негізі
Шекара қызметі іс-қимылының құқықтық негізі Конституция және Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасының ратификациялаған халықаралық шарттары және өзгеде нормативтік құқықтық актілері болып табылады.

4) 3-бап "алқалыққа" деген сөз алынып тасталып, "Ұлттық қауіпсіздік органдары жүйесінің бірлігіне" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 5-бап келесі мазмұнда жазылсын:

"5-бап. Шекара қызметінің басқаруы, қаржы және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі

Шекара қызметінің тікелей басшылығы мен басқаруын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және босататын Шекара қызметінің Директоры жүзеге асырады.

Шекара қызметінің құрамы: Шекара қызметінің Орталық аппараты, арнайы бірлестіктер (аймақтық басқармалар), құрылымдар (шекара отрядтары, теңіз шекара дивизиясы), бөлімдер (шекаралық бақылау отрядтары, дербес бақылау-өткізу пункттері), бөлімшелер (шекара комендатуралары, шекара заставалары, бақылау-өткізу пункттері), авиациялық, теңіз және арнайы бөлімдер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентімен белгіленетін Шекара қызметінің штаттық санымен сызықша шеңберінде Шекара қызметіне жүктелген тапсырмаларды шешу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы құратын қамтамасыз ету бөлімдері мен бөлімшелері құрайды.

Шекара қызметінің Орталық аппараты жөніндегі Ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы бекітеді.

Шекара қызметі іс-қимылын қаржыландыру және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету шектелген қаржымен жүзеге асырылады, тиісті жылға республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының қарауына қарастырылған."

6) мынадай мазмұндағы 5-1-баппен толықтырылсын:

"5-1-бап. Шекара қызметінің мекемелері

Шекара қызметінде бұқаралық ақпарат құралдары, әскери-дәрігерлік, мәдени-тәрбие, спорттық және басқада мекемелері болады.

Мекемелердің әскери қызметшілерінің, қызметшілерінің және жұмыскерлерінің штаттық санын Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен штаттық сан лимиті шегінде Шекара қызметінің Директоры белгілейді.";

7) 6-бап келесі мазмұнда жазылсын:

"6-бап. Қазақстан Республикасы Шекара қызметінің іс-қимылын қадағалау мен бақылау

Шекара қызметінің Конституцияны, Қазақстан Республикасы заңдарын дәлме-дәл және біркелкі орындарын Қазақстан Республикасының Бас прокуроры және оның нұсқауымен оған бағынышты прокурорлар қадағалайды.

Шекара қызметінің қызметтік іс-қимылына бақылау жасауды Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті жүзеге асырады.

Шекара қызметінің қаржылық іс-қимылына Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бақылау жасайды.";

8) 7 - б а п т а :

бірінші абзацқа өзгеріс енгізілмейді;

бесінші абзацтағы "белгіленген пункттерден" деген сөздер "белгіленген тәртіппен" деген сөздермен алмастырылсын;

9) 8 - б а п т а :

бірінші абзацтағы "поселке, село, ауыл, аудан, қала, қаладағы аудан" деген сөздер "әкімшілік-аймақтық бірліктері" деген сөздермен алмастырылсын;

бесінші абзацтағы "мемлекеттік шекара тәртібін бұзушылар, мемлекеттік шекара мен шекара тәртібін бұзушылар жөнінде" деген сөздер "өз ісіне қарайтын" деген сөздермен алмастырылсын;

жетінші абзацтағы бірінші сөйлем "Шекара қызметінің бөлімшелеріне құқық бұзушы жағдайларды анықтау үшін, белгіленген заңға байланысты өз ісіне қарайтын тұлғаларды шақыру" деген сөздер мынадай редакцияда жазылсын, екінші сөйлемдегі "бұзушы" деген сөз "құқық бұзушы" деген сөзбен алмастырылсын.

оныншы абзац мынадай мазмұнда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өтетін адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне немесе кетуіне құқық беретін құжаттарын тексеру, оларға тиісті белгілер соғу және қажет болған жағдайда оларды алып қою, шетелде немесе Қазақстан Республикасында болған кезінде құжаттарын жоғалтып алған Қазақстан Республикасының азаматтары мен басқада адамдарды өткізбей, оларды кім екені анықталғанға дейін тәртіп аумағында немесе осы мақсаттар үшін арнайы жабдықталған орындарда қабылдау.";

он төртінші абзацтағы "шекаралық" деген сөз "аумақтық және ішкі" деген сөздермен алмастырылсын;

он алтыншы абзац "учаскелерімен" деген сөзден кейін "акваторияларымен" деген сөзбен толықтырылсын, "кәсіпорындардың, мекемелер мен" деген сөздер алынып тасталсын;

он жетінші абзацтағы "кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің", "жұмсалудар" деген сөздер тиісінше "меншілігіне қарамай бар ұйымдардың", "шығындармен" деген сөздермен алмастырылсын;
екінші абзацқа өзгеріс енгізілмейді;

үшінші абзацта "қылмыс" деген сөзді "құқықбұзушылық", "қылмыстық" деген сөзден кейін "немесе әкімшілік" деген сөзбен, "тергеу" деген сөзден кейін "немесе әкімшілік органдарына беру" деген сөздермен толықтырылсын;
келесі мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Шекара қызметінің басқа құқықтары:

іргелес мемлекеттердің шекара өкілдерімен мемлекеттік шекара тәртібін сақтау, шекарадағы қақтығыстарды реттеу ақпарат алмасу мәселелері бойынша хат алысуды жүргізу, өзара келісім бойынша Қазақстан Республикасы аумағына іргелес мемлекеттердің өкілдерін шақыру және белгіленген заң тәртібімен шекара мәселелері бойынша келіссөздер жүргізу үшін іргелес мемлекеттердің аумағына өту;

мемлекеттік органдар мен заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында құқық бұзуды жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныстар енгізу;

жеке ақпараттық базаны құру Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған тәртіптегі басқада мемлекеттердің мемлекеттік органдарымен өтеусіз негізде ақпарат алмасуды жүзеге асыру.";

10) 9-баптағы "әскерлеріне" деген сөз "Шекара қызметінің офицерлері мен прапорщиктеріне" деген сөздермен алмастырылсын.

3. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 25-шілдедегі N 2376 "Мал дәрігерлігі туралы" (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 14, 94-бап, Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 17-18, 225-бап, N 24, 443-бап, 1999 ж., N 23, 931-бап) Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Ж а р л ы ғ ы н а :

18-баптың 3-бөлігіндегі "шекара әскерлерімен" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен" деген сөздермен алмастырылсын.

4. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 5-желтоқсандағы N 2671 "Республика ұландары туралы" (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 22, 139-бап, Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-бап, 190-бап, 1998 ж., N 11-12, 174-бап, 1998 жыл, N 24, 436-бап) Қазақстан Республикасы

Президентінің заң күші бар Жарлығына :

7-баптың 1-тармағының 2)-тармақшасындағы "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара күзету жөніндегі мемлекеттік комитеті" деген сөздер "Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі" деген сөздермен алмастырылсын.

5. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20-желтоқсандағы N 2697 "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 148-бап):

1-баптың жетінші бөлігіндегі "Мемлекеттік шекара күзету жөніндегі мемлекеттік комитетінің" деген сөздер "Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің" деген сөздермен алмастырылсын ;

97-баптың бірінші бөлігіндегі "шекара әскерлеріне" деген сөздер "Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне" деген сөздермен алмастырылсын.

6. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы "Мемлекеттік құпиялар туралы" (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 жыл, N 4, 102-бап) заңына :

11-баптың 18)-тармақшасындағы, 14-баптың 8) және 9)тармақшаларындағы " шекара әскерлері" деген сөздер "Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі" деген сөздермен айырбасталсын.

7. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 наурыздағы "Қылмыстың жасалынуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 жыл, N 6, 190-бап) заңына :

1) 7-баптың 1-тармағының 2)-тармақшасындағы, 9-баптың 2-тармағындағы, 11-баптың 1-тармағындағы "Қарулы Күштерінің мемлекеттік шекараны қорғау күштерінің " мен "Қарулы Күштері мемлекеттік шекараны күзету күштері" деген сөздер алынып тасталсын ;

2) 9-баптың 3-тармағындағы "және мемлекеттік шекара қорғау жөніндегі комитетпен" деген сөздер алынып тасталсын;

3) 3-тармақтың 4)-тармақшасындағы "мемлекеттік шекараны күзету күштері" деген сөздер "Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі" деген сөздермен алмастырылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті